


БІЛІМ

## КӨЛІК ИНЖЕНЕРІ КЕРЕК ЕМЕС ПЕ?

90 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР ОҚУ ОРДАСЫ ЖАБЫЛДЫ



Иә, оның уайымының жөні бар. Министрдің пәрменімен жабыла салатын, бүгін бар, ертең жоқ, көбіктей көп университеттің бірі емес еді. 90 жыл тарихы бар қарашаңырақ! Қазақстандағы көлік мамандарын оқытатын жалғыз білім ордасы. Оны жапсақ, теміржолда жұмыс істейтін мамандарды қалай оқытып шығарамыз? Қазақстан - тоғыз жолдың торабындағы мемлекет. Қытай мен Еуропаны жалғап жатқан «алтын көпір». Сол «алтын көпірдің» тізгіңшілері, пойыз жол мамандарын, басқа да көлік түрлерін оқытатын білім ошағы емес пе еді? Коммуникация кез келген елдің «құрғамыры». Онда бұл оқу орнын жабу — сол «құрғамыры» бұғанмен бірдей қысастық екені анық. Бірақ білім және ғылым министрлігі академияны жабу туралы шешім қабылдапты.

Министрлік өкілдерінің айтуынша, академияға бірнеше рет тексеру жүргізіп, олықлық анықтаған. Алайда оны түзетуге ешкім асықпапты. Академия басшылығы да болған жайға баға беруге сараңдық танытып отырған көрінеді. Алыс-жақыннан жанұшыра жеткен студенттер мен ата-аналар да жөнді жауап ала алмаған. Ал оқу орны жабылса, 5 мың студенттің оқуы не болады? Жүздеген қызметкер қайда барып, кімнен жұмыс сұрайды? Бұл да күрделі мәселе. Оны шешуді ойлап, мәселені ушықтырғысы келмей отырған біреу бар ма? Болған жайтқа алаңдаған студенттің анасы Бәдігүл Қажыбек КТК телеарнасына берген сұхбатында: «Мынау өте аянышты жағдай».

(Жалғасы 3-бетте)

Ақтөбеде ірі мұнай компаниясында техникалық инженер болып жұмыс істейтін бауырым бар еді. Кеше сол хабарласып тұр.

– Мен оқыған қарашаңырақты жауып тастаған ба? – дейді. Ол екі-үш жыл бұрын ғана Мұхамеджан Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын бітірген болатын. Соны айтып тұрғанын бірден түсіндім.

– Иә, барлық лицензиясынан айырылып қалыпты, – дедім.

– Ойпырым-ай, е! Жабыла салатын біреудің жекеменшік университеті немесе «саны бар, сапасы жоқ» көп колледждің бірі емес еді. Бұл қалай болғаны? – деп бауырым уайымын білдіріп жатыр.

ОЙТОЛҒАУ

## БОРАТТЫҢ САНДЫРАҒЫ

Біздің балалық шағымыз қазіргідей интернеттің өрісі кеңімеген, әлеуметтік желі деген ұғымның мұрнымызға иісі де келмеген тоқсаныншы жылдардан бері қарай өтті. Аппақ шаңның ортасында тұншығып доп қуалап, асық ойнағаннан кейінгі қол жетпес қызықтың көкесі сол кезде хит болған «видиктен» ата-анасы жұмысқа кеткен үйде бас қосып, кино көру еді. Ван Дамм, Сильвестр, Арнольдтар сол кездегі қай жеткіншектің болмасын кумиріне айналды. «Америкалық арман» деген ұғым санамызда тамырын жайды. Мұхиттың арғы бетіндегі «басқа әлемді» көрсем деген қиял кейін мақсатқа айналды.



Араға он бес жыл салып бала кездегі арманым жүзеге асып, АҚШ-қа жол тарттым. 2011 жыл еді. Жат жерде жарты жылдай аялдадым. Апптықты баса алмай жеткен көңіл кейін су сепкендей басылды. Неге дейсіз ғой? Бәріне кінәлі аты өшкір Борат...

2006 жылы Қазақстан деген мемлекет Гуглда ең көп ізделген сөздер тізіміне кірді. Мұндай қызығушылықтың күрт өсуі осы жылы жарыққа шыққан «Борат» фильмімен байланысты екенінен бәрі хабардар. Фильм желісі қазақстандық журналистің Америкаға барып, мәдениеттен жүрдай екенін көрсету арқылы өзін ғана емес, елін маскаралау аясында өрбиді. Фильм басқа жерде түсірілгенімен, әлем Қазақстанды осылай таныды.

(Жалғасы 3-бетте)

ОҚШАУ ОЙ

## КҮРМЕҮІ КӨП ТҮЙІН



Бүгінгі «революциялық билік» деп жүргендері кеше премьер, вице-премьер болған азаматтар. Қырғыз елінің негізгі трагедиясы – биліктің ру мен кландардың қолына өтіп кетуі. Сайлауға елуге жуық партия қатысамыз деген еді. Соның басым көпшілігі рулық, қаржылық, тіпті қылмыстық топтардың айналасына біріккен партиялар. Бұлар ортақ жау шыққанда ғана бір мәмілеге келетін шығар. Қалған уақытта басы бірікпейді. Алдағы уақытта президент және парламент сайлауы өтуі мүмкін. Қырғыз ағайындардан көріп түсінгеніміз, көшенің ықпалында жүрген биліктің қауқары болмайды. Ондай билік өз мойнына жауапкершілік алмайды.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)  
42,60

DOLLAR  
429,02

EURO  
497,50

РУБЛЬ  
5,48

COMMENT

Шынында, кез келген сайлау қарсаңында «электорат», «дауыс беру, жинау», «сайлаушылар тізімі, дауысты сатып алу», «популизм», «пендешілік» т.б. сияқты ұғымдар жиі қайталанып, жанданып, өрши түседі немесе әр түрлі әңгімеге арқау, сөзге сылтау болып, әшкереленіп жатады. Өйткені, ҰЛТТЫҚ САЙЛАУ – NATIONAL ELECTIONS, яғни халық сөзімен айтсақ, «ел-елек», сайлауға түскен партиялардың бағдарламаларын, олардың өміршеңдігін електен өткізу арқылы таңдау жасайды. Сондықтан бұл процесс әр елде әрқалай өрбиді, әр түрлі өтеді.



## САЯСАТТЫҢ СЫНЫ МЕН САБАҒЫ

Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеш депутаттарын сайлаудың драмасы саяси күрес удерісінен жаңылып, басқа дүрбеленге ұласқаны, сонынан сайлау нәтижесінің күшін жоюға әкелгені әлі жан-жақты зерттеуді, талдауды қажет етері сөзсіз. Сондықтан өткен тартыстың байыбына барып, пайымдауда халықаралық байқау миссияларынан бұрын ең әуелі сол елдің халқына, оның болашағына алаңдаулы жанашыр өзге жұртқа, әрі қарай уақыттың еншісіне қалдырған жөн. Өзге елдің құзыреттік әрі құқықтық шеңберіне жататын мәселеге қол сұғып, ешкім де төреші болмақ емес.

Оның үстіне Президент К.Токаевтың баспасөз хатшысы Б.Уәли жариялаған хабарламада айтылғандай, «Қырғызстанда болып жатқан оқиғалар – сол елдің ішкі мәселесі. Қазақстанда бауырлас Қырғызстанмен өзара дәстүрлі достық қатынастарды және стратегиялық серіктестікті нығайту аса маңызды деп санайды.

Сонымен қатар көршілес елдегі ахуалды тұрақтандыру ісі Қырғызстанның Конституциясы мен заңдарына сәйкес жүзеге асырылады деп үміттенеді. Қырғыз халқы өз мемлекетінің ұзақ мерзімді мүддесі үшін күрделі жағдайдан шығудың тиімді жолын табады деп пайымдайды». Бұл – көрші ақысының өтеуіндей көпшіліктің көңіліне қонатын тұжырым, санасына сінетін сөздің байламы.

Сайлауды әзірлеу мен өткізу мемлекет үшін қандай жауапты іс болса, оның жауапкершілігі сол ел азаматтарының мойнына соншалықты жүк салар маңызды шаруа. Өркениетті елдерде мұндай саяси доданың технологиясы шаш етектен. Әр елдің географиясына, орналасқан жеріне, халқының дәстүріне, экономикасы мен саясатына қарай олардың бір-біріне ұқсайтын, қайталайтын және мүлдем ұқсамайтын формалары мен түрлері бар. Жыл сайын оны жетілдіруге қыруар қаржы кетеді. Мәселен, кезінде ең қарапайым тас салып, санаудан бастаған халыққа бүгіндегі биометрикалық және жеке мәліметтерінің сәйкестігін куәландыратын жарактар, нәтижесін айта беретін цифр ресурстарының көмегімен есептеу, өзге де құралдарды пайдалану сайлаушыларға таңсық емес. Жалпы қазіргі заманда кез келген озық тәжірибені, онды үлгіні қолданудан бас тартуға болмайды. Мін тағылмайтын, кемшінін тұсы табылмайтын технология ғана осынау маңызды іс-шараны ұйымдастырушыларға көмекке келері анық. Бұл тұрғыда әр түрлі деңгейдегі байқаушылардың талаптары барлық тарапқа да теңдей бөлініп, бірдей болуға тиіс.

(Жалғасы 5-бетте)

**Қазақ REALISM**

Алғашқы бар әбігерге түсірді

Кеген ауданы  
Алматы облысы

Фото: kris.p.online



# 7 КҮН 168 САҒАТ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

## БИЛІК

**Маусым-шілде айларында өршіген тәжтажал құрсауын сәл де болса босатқандай. Тамыздан бері біздегі жағдай біршама тұрақтанды. Дегенмен босаңсуға болмайды. Өйткені бірәз ел ес жинап үлгерместен, екінші толқынның астында қалды. Бейқамдыққа салынбай, біз де дайын болуымыз керек. Осы аптадағы кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирустың екінші толқынына дайындық жайын тағы бір пысықтады. Күн тәртібіндегі басты мәселе – жұртты кеселден аман сақтап қалу. Осы орайда Мемлекет басшысы түйінді мәселелерге тоқталып, оларды шешу жөнінде тапсырма берді.**

отбасына ғана жәрдемақы төленді. Өлім себептерін адам қайтыс болғаннан кейін анықтау көптеген қиындықтар, соның ішінде, этикалық сипаттағы түйткілдерді туындатады. Осы орайда Үкіметке қайтыс болған медицина қызметкерлерінің отбасыларына егжей-тегжейлі тергеу жүргізбей, тиісті барлық жәрдемақыны төлеу жөнінде тапсырма берілді. Медицина қызметкерлерінің қызмет барысында науқасқа шалдығуы расталған жағдайда олардың төлемақысы қысқа мерзім ішінде төленуі тиіс. Медициналық көмектің өзге түрлері де ұмыт қалмауы керек. Ана өлімі көрсеткіші барлық өңірде бірнеше есе көбейген. Былтырғы 8 айда 36 әйел қайтыс болса, биылғы 8 айда 131 әйел көз жұмды. «Үкіметке өңірлермен бірлесіп, аталған фактілердің әрқайсысын тексеріп, нәтижесін баяндауды тапсырамын. Ана мен баланы қорғау, онкологиялық, кардиологиялық, пульмонологиялық

Кей өңірде құс тұмауының өршуі азық-түлік қауіпсіздігінің осал тұсын тағы да айқындап берді. Сондықтан ауыл шаруашылығы министрінің бір жұмысы малдәрігерлік шаралармен қатар, ауыл тұрғындарына экономикалық қолдау көрсету, жеке аула мен құс фабрикаларындағы құс басын көбейтуге бағытталуы қажет. Биыл елімізде 20 млн тоннадай астық жиналды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 34 пайыз артық. Енді оны сақтау және фермерлерге өнімін сыртқа сатуға көмектесуді қамтамасыз ету міндеті тұр. Сондықтан ауыл шаруашылығы, сауда және интеграция министрліктері ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортына қатысты мәселелерді созбақтатпай, жедел түрде шешуі керек. Өзге мемлекеттер секілді, біздің еліміз де дағдарысты бастан кешіруде. Бір тәуір, экономикалық құлдырауға жол берілген жоқ. Бизнесті ынталандыру шаралары қабылданып, тұрғындардың аз қамтылған

## Әлеумет.т<sup>0</sup>

### ОҚЫМАҒАН – ТОҚЫМАҒАН

Қайбір жылы мұхиттың арғы жағына бардық. Әркім өз Америкасын ашып, american dream-нің («арман ел» ұғымы) асқақтап тұрған кезі. Күнде неше түрлі кездесу. Журналистік ұйымдардың өкілдері, адам құқығын қорғаушылар, ғалымдар, жазушылар, тағысын тағылар. Бәрі Қазақстан туралы, еліміздегі демократия жайын білгісі келеді. Сұрақ қою кезегі бізге келгенде кейбіреулердің біз туралы таным-түсінігі мүлде таяз екені білініп қалды. Әріптестеріміздің бірі лауазымды тұлғадан мұның мәнісін сұрады. Жауап бәрімізді таңқалдырды. Дұрысы, ойландырып тастады. «Көрші Мексиканың қайда екенін білмейтін американдықтар жетерлік. Сондықтан қияндағы Қазақстанды білмеді деп өкпелеудің жөні жоқ шығар», – деді ол осы елдің адамдарына тән әдетпен жымып. «Ақыл-ойдың алыптары жиналған Америкада жағрафиядан хабарсыздар бар екен-ау» дедік елдегі жер-дүниеден хабардар ағайынды еске түсіріп.

Арада көп уақыт өткен жоқ. Білімді де іскер біреу сол жағрафия пәні болып жатқан мектепке барып, бәрімізді кәдімгідей ойландырып тастады. Оқушылар былай тұрсын, мұғалімнің өзі картадан Индонезияны көрсете алмапты. «Жарайды, жан-жағын су қоршаған аралда тұрған мемлекеттің қай жерде екенін білмей қалған шығар» деп өзімізді жұбатқандай болдық. Көп өтпей, әлеуметтік желіде еліміздің шығыс өңіріндегі облыстың орталығы қай қала екенін білмейтіндер жөнінде әжептеуір пікірталас өрбіді. Бұл енді жастар арасында сауатсыздық жайыла бастағанының айқын белгісі еді. Таңқалатын емес, дабыл қағатын құбылыс екенін бұл жетіде анық ұға бастадық. Бір блогер «Түркістан облысы Қазақстан құрамына қашан кіреді?» деген сұрақпен көшеде видеосауалнама жүргізіпті. Таңның атысы мен күннің батысына дейін бас алмай жұмыс істейтін, содан «оқуға уақытым жоқ» дейтіндер емес, әп-әдемі киінген, (дипломы да бар шығар) бойжеткендердің бірі «екі жылдан кейін десе» енді біреуі «бес жылдан кейін» деп соғып тұр.

Мұндай құбылыс мектеп пен жоғары немесе орта оқу орындарында білім берудің бұрынғылар айтатын инемен құдық қазғандай емес, жеңіл-желпі, үстірт, ағуісті сипат ала бастағанының нақты көрінісі болса керек. Ілім мен білімді кітап пен кітапханадан гөрі компьютер мен смартфоннан алу оңай тәсілге айналғалы оқу мен іздену, дүниетаным көзжіегін кеңейту үрдісі тығырыққа тірелді. Соның теріс нәтижесі болса керек, қос диплом барлар қарапайым өтінішті қатесіз жаза алмайтын болды. Тіпті білдей бір министрдің қазақша жазбасында он шақты қате жібергенін де көрдік.

Ғылым мен технология дамыған ХХІ ғасырда білімі мен ғылымы өзгеден көш ілгері халық бәсеке мен бәйгеде ешкімге ессен жібермейді. Ал оқымаған-тоқымаған сауатсыздар, қырғыз елінің бұрынғы президенті Роза Отынбаеваның жаны ауырып, ашынып айтқан сөзімен сипаттағанда, қарабайыр тобырға айналып, надан әрекетке барады, өз елінің абыройын айрандай төгеді.

Срайыл СМАЙЫЛ



# ЕКІНШІ ТОЛҚЫН ЖАҢА МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ

Ең әуелі тест сынағасын алу көлемінің азаюы алаңдатады. Қазір зертхана жүктемесі 40 пайыздан аспайды. Нақты ахуалды білу үшін тестілеу көлемін көбейту керек. Бұл баға мәселесіне келіп тіреледі. 10-18 мың теңге – көпшілік үшін қымбат. Бетперде бағасы да сын көтермейді. Мәселен, Ресейде оның бағасы 20-30 теңге шамасында. Ал біздегі шекті баға – 60 теңге. Дәріхана кем дегенде 10 теңге қосады. Көп адамның бетпердені бірнеше күн тағып жүретіні де содан болар. Ал санитарлық мамандар 2 сағат сайын ауыстыру керек дейді. Осы орайда Президент бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне баға сәйкестігіне талдау жасап, зертханалық қызмет пен жеке қорғаныш құралдарының бағасына мониторинг жүргізуді тапсырды.



және медициналық көмектің басқа да түрлерін көрсету – ел алдындағы міндет. Әкімдерді, жалпы Үкіметті бұл міндеттен ешкім босатқан жоқ» деген Мемлекет басшысы осы мәселені бақылауда алуды Президент Әкімшілігіне жүктеді. Көрші елдердегі эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы шекарадағы өткізу бекеттерінде бақылауды күшейтуді талап етеді. Сонымен бірге әуежай, теміржол вокзалдарында эпидбақылаудың қатаң режиміне қайта көшу, әсіресе, «қызыл аумақтан» келгендерге экспресс-тестілеуді жолға қою – кезек күттірмейді.

Кенесте Президент халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін қызметтердің үздіксіз жұмыс істеуінің маңыздылығын атап өтті. Азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасына қатысты мәселелер ерекше назар аударуды қажет етеді. Қаңтар-қыркүйектегі статистикалық мәліметке сәйкес, қарақұмық, сары май, қой және сиыр еті, жұмыртқаның бағасы өсті. Нан мен сүт 7 пайызға қымбаттады. Осы орайда аймақ әкімдеріне тұрақтандыру қорын дер кезінде азық-түлікпен толтыру, бағаны ыркына жібермеу тетіктерін қарастыру тапсырылды.

топтарына көмек көрсетілді. Жуырда Дүниежүзілік банк еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің қарқынын жоғары бағалады. Өйтсе де, бүкіл әлем бойынша пандемияның жақындап келе жатқан екінші толқыны жана міндеттер жүктейді.

Мемлекет басшысы кенестегі сөзін былай аяқтады:

– Пандемияға қарсы күрестегі табыс, негізінен, халықтың қабылданған шаралар мен шешімдерге деген сенімінің деңгейіне байланысты. Мұны тәжірибе көрсетті. Ал сенім азаматтардың билік тарапынан атқарылып жатқан іс-қимылдарға түсіністік танытып, қолдау көрсетуіне байланысты. Халықпен тұрақты диалог жасап отыру керек және тұрғындарға туындаған мәселелер мен қатерді шынайы әрі ашық айтып, оны шешудің жолдарын ұсыну қажет. Жағдайдың ушығуы санитарлық және алдын алу шараларын қатаң сақтауға байланысты екенін бизнес өкілдері мен азаматтарымыз түсінуге тиіс. Шынайы және оптимистік болжам бойынша, биыл қатаң шектеу шараларын енгізу қажеттігін болдырмауымыз керек және оған мүмкіндігіміз бар.

Талап ПЛЕГЕН

## Сөз-Жебе

**Аманжан ЖАМАЛОВ,**  
Мәжіліс депутаты:



«Мемлекеттік органдар стратегиялық объектілерді көбіне теңдерге қатысушыларды тиісті іріктеуден өткізбестен, жекеменшікке бере салады. Біреулер үшін бұл теңдерді тез, әрі ың-шыңсыз өткізу тиімді секілді. Оның үстіне, конкурса жеке кәсіпкерлер де, жеке тұлғалар да қатыса алады екен. Жеке тұлға бүкіл әуежайды қалай басқарады? Бұл қала әуежайының болашақ дамуына күмен тудырады. Сондай-ақ сарапшылардың пікірінше, мұндай нысанның бастапқы бағасы 5,2 млрд теңге деп белгілеу де ақылға сыймайды. Бұл тым арзан баға».

(Шымкент әуежайын теңдерге шығаруға қатысты Үкімет басшысына жолдаған сауалнамасынан)

## Аптаның ұсынысы

**Айқын ҚОҢЫРОВ,** Мәжіліс депутаты:

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, COVID-19 вирусынан қайтыс болғандардың көбі 60-тан асқан адамдар. Биыл қараша-тамыз аралығында қазақстандықтар арасында 110 981 өлім жағдайы тіркелді, оның 78 637-і (71% пайыздан астамы) – 60-тан асқандар. Сондықтан олар үшін қосымша қауіпсіздік шараларын қабылдау қажет.



2013 жылы біз өйелдердің зейнетке шығу жасын көтеруге қатысты реформаны қолдамадық. Бүгін азаматтардың пікірлерін ескере отырып, өйелдер мен ерлер үшін зейнет жасын 60 жас деп белгілеуді ұсынамыз».

**Қауіпсіздік**

**ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАМАУДЫҢ ЗАРДАБЫ**  
(2020 жылдың 9 айында)

ЖОЛ-КӨЛІК АПАТЫ	8933 ОҚИҒА
ҚАЗА ТАПҚАҢДАР	1265 АДАМ
ЖАРАҚАТ АЛҒАҢДАР	11780 АДАМ
ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗУ ДЕРЕГІ	1,5 МИЛЛИОН
ЖОЛ ҮСТІНДЕ ҚАЗА БОЛҒАН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ	75 АДАМ

Дереккөзі: Ішкі істер министрлігі

## Білім

(Басы 1-бетте)

Халыққа шығып айту керек. Бұл жерде ұрпақтың өміріне осылай балта шабатын, ақшаның құлы болған азаматтар болса, олар заң алдында да, халық алдында да жауап берсін», — деп тепсініп отыр.

Жандос Рысбеков — академиядағы 5 мың студенттің бірі. Оқу орнында болған жағдайды телеарнадан көріп келіпті.

**Жандос Рысбеков, студент:**  
Мен электрэнергетика факультетінің 1-курсінде оқимын. Тобымызда 29 студент бар. Біз

сақталады. Ең бастысы, заннамаға сәйкес, академия жабылған соң, заңды түрде басқа жоғары оқу орындарына ауыстырылады. Министрліктің пәрменіне әзірге академияның келісімі жоқ. Батқан қайықты қайта тартып шығаруға тыраштынып жатыр», — дейді.

Ал академияның прокураторы Андрей Иванов: «Барлық көрсеткіш талапқа толық сәйкес келеді. Оған бірталай рейтингте көш бастап тұрғанымыз дәлел. Жакын күндері барлық сұраққа толық жауап береміз», — деп отыр. Алайда олар «Жауап береміз» дегенше, министрліктің шешімі 10 күнде күшіне еніп, академия білім беруді тоқтатуы мүмкін. Іле-шала студенттер мен оқытушылар семестр

## КӨЛІК ИНЖЕНЕРІ КЕРЕК ЕМЕС ПЕ?

90 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР ОҚУ ОРДАСЫ ЖАБЫЛДЫ



бәріміз академияның жабылғанын қаламаймыз. Өйткені дәл қазіргі жағдайда мамандығым бойынша басқа университетке барып оқуыма болатын еді. Бірақ мен о баста мамандықты емес, академияны таңдап келдім. Сондықтан өз қалауым бойынша түскен оқу орнын ауыстырғым келмейді. Осында түстім бе, осы жерден оқып шыққым келеді. Академия бізге бұл жағдайды шешетінін айтып, дүрбелең тудырмауымызды ескертіп жатыр.

Министрлік жыл бойы академияда тексеріс жүргізіп, талай заң бұзушылық анықтаған. Заң бұзушылықтардың бір парасы: оқытушылар құрамы аз, өндірістік тәжірибе базасы кемшін, ғылыми әдебиеттермен қамтылмаған көрінеді. Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес келмейді-мыс. Академия жабылғанымен, оның кесірі студенттер мен оқытушыларға тимейтініне министрлік кепілдік беріп отыр.

БҒМ білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенова: «Студенттерді, оқытушыларды уайымдамауға шақырамын. Себебі заңды түрде студенттердің құқығы

аяқталмай жатып, басқа университетке ауыстырылады. Министрліктің жоспары осындай.

Білім саласына реформа қажет. Дұрыс. Өйткені қазір білім берудің орнына диплом басып шығаратын оқу орындары қаптап кетті. Тіпті облыс орталықтарын қойып, кейбір аудандарда университет бар. Бұл қалай? Шетелде жөні басқа шығар? Ал біздің аудан орталықтарында университет студенттеріне сабақ беретін оқытушылар құрамы бар ма? Университет түгелі, кейбір ауыл мен аудандағы мектептерге мұғалім жетіспей жатады. Бұл жағынан келгенде, сапасыз университеттердің жабылғаны жөн. Бірақ көлік-коммуникация мамандарын оқытатын жалғыз оқу орнының жабылуы, шынында да, түсініксіз шешім. Реформаның да жөні бар. Жабу керек екен деп жаппай отаудың қисыны жоқ. Токсан жылда мыңдаған теміржолшыны, басқа да көлік мамандарын тәрбиелеген, электрліктер мен инженер, механиктерді оқытып шығарған, ұзақ жылдық тарихы бар, тәжірибесі мол, оқытушылар қосыны, өзіндік білім беру мектебі қалыптасқан академияны жаба салу, қай жағынан алып қарасанды да, қисынсыз шешім екені анық.

Жарас КЕМЕЛЖАН

# QOQAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

### Ойтолғау

(Басы 1-бетте)

Америкадағы өміріме оралсам. Мэриленд штатының Глен Бэрни қаласында тұрақталдым. Басында жатырқағанмен, кейін көршілермен де, жұмыстағы әріптестеріммен де емен-жарқын араласып кеттім. Бірақ бәрінің Қазақстаннан екенімді естігенде езулерім жия алмай, «Борат» деп сықылықтай күлгені, қайтерімді білмей, тамағымға өксік тығылғаны әлі күнге көңілімде сайрап жатыр. Бораттың сонда ғана бізге қандай қара дақ жаққанын түсіндім. Кейін бұлқан-талқан болмай, мазактай қарағандарға Қазақстанның мүлде басқа дамыған ел, қазақтардың салт-дәстүрі, мәдениеті бай екенін түсіндіріп, интернеттен түрлі видеоны көрсетіп, теңізге құйған тамшыдай болса да, ойларын өзімше өзгертуге тырысып бақтым. Мұхит асқан қай қазақтың болмасын, сол жылдары дәл мен секілді осылай отанының абыройы үшін шыр-пыр болғанына

БОРАТТЫҢ САНДЫРАҒЫ:

## ИТ ҮРЕДІ, КЕРУЕН КӨШЕДІ...

құмәнім жоқ. Арадағы жылдар бұл жараны жазды. Борат дақпырттың басты, әлем басқа Қазақстанды таныды.

Енді араға 14 жыл салып Борат аты қайтадан әлемді елең еткізіп, әлеуметтік желіні өз трейлерімен шулатып жатыр. Екінші бөлімнің сценарийі бойынша сол баяғы қазақстандық журналистің Америкаға барып, шым-шытырық оқиғаларға тап болуымен жалғаспақ. «Арнайы хабарландыру» деген қазақ қарпімен басталатын трейлер Қазақстанның Ақпарат министрлігінің атын жамылған. Британдық актер елтанбаны да, «соңғы жаңалықтар» деген титрды да тауып, қосуды ұмытпапты. Трейлерді көріп-ақ төбе шашы тік тұрғандардың бірі — режиссер Еркін Рақышев. Бір кездері ол жауап ретінде «Менің ағам Борат» деген фильм де түсірді. Бірақ белгісіз себептермен жарық көрмеді. Ашулы ағамыз бізге берген сұхбатында сайқымазақ Саша Барон Коэннің бұлай тайрандауына жоғары деңгейде тыйым салу керек екенін алға тартты: «Біздің үкімет, сыртқы істер министрлігі бар, басқа да құзырлы органдар бар, қатан түрде талап ету керек. Осы фильмді шығарған режиссерден де, киностудиядан да, сол мемлекеттен де. Себебі, барлық әлемдік қауымдастықтардың алдында заң бар, қандай да бір ұлттың арына, намысына тиюге болмайды. Қажет болса, Боратты қорлап, мазактап, ақымақ қылып тағы да кино түсірерміз. Одан кейін жүрсін, өмір бойы нәжістен тазаланмай. Бұл онбағандармен басқаша қалай күресу керек екенін білмеймін». Еркін Рақышев секілді бұл фильмге қарсы барлық жанашырлардың өкпесі мен өтінішіне қатысты мәдениет және спорт министрлігіне сұрағымызды қойдық. «Борат бұл жолы да отандық прокатқа шықпайды» деп жауап берді. «Екінші бөлімінің Қазақстанға тікелей қатысы жоқ, босқа дабыралауға себеп жоқ» дегенді қосып қойды. Министрлікке қарасты мәдениет және өнер істері департаменті директорының орынбасары Фани Муратов өз ойын былайша өрбітті: «Бұл комедия жанрында және Қазақстанға мүлдем қатысы жоқ. Тек қана кейбір кезде Қазақстан деген атауды қолданады. Жалпы халықтың аса бір көңілге алмауына болады деп ойлаймын. Өйткені бұл туындының Қазақстанға жалпы алғанда, қатысы жоқ».



Қазір Бораттың екінші бөлімінің жарыққа шығуына бей-жай қарай алмаған азаматтар, елдегі және шетелдегі қазақстандықтар петицияға қосылып жатыр. Әлеуметтік желіде әліге дейін британдық актердің туындысына қарсы қол жинау науқаны өтуде. Жат жерде келемеж болдық деген жерлестеріміздің бірі — Ұлыбританияда тұратын Лола Аскарлова. Қазақстан азаматтығынан бас тартып, біржолата басқа елге көшкенімен, ұлт намысын таптаптын мұндай туындының насихатталуы оның ашуын туғызған көрінеді. Фейсбук парақшасында ойын былайша түйіндетті: «Егер Боратты ойнайтын Саша Барон Коэн қара нәсілдіні немесе еврейді көрсеткенде, онда оны соттап, ал фильмді баяғыда жауып тастайтын еді. Бірінші Боратта ол біздің ұлтымызды төмендетіп, миллиондаған доллар табыс тапты. Енді тағы ақша жасамақшы. Бұл — біздің елді басынандық. Сондықтан сайқымазакты тоқтатуды талап етеміз». Петицияға қарсы қол қойғандардың саны 100 мыңнан асып кетті. Сөт сайын бұл сан өсіп жатыр. Қалай дегенмен, фильм төңірегіндегі дау киноның көрерменін көбейтетін сынайлы. Небәрі бір аптаның төңірегінде ютубтағы трейлерді 10 миллионға жуық адам көріп үлгерген.

Америкада «Бораттың елінен келген» деген сөзге күйініп жүргенде бір ой қылаң берді. «Саша Барон Коэннің өзін тауып, менімен бірге жүруге көндірsem ғой, шіркін» деп қиялдадым. Қазақстанға табанын тигізіп, анықталған аққолды қазақтардың қонақжайлығымен танысса, тұмса табиғатты бір шопып, дархан даламызға бір көз жүгіртсе, қанша ғасырдан бері келе жатқан салт-дәстүрімізді ұғынса, бәлкім, ойы өзгерер ме еді? Мүмкін, АҚШ-қа қайта барып «Бораттың» бұрыс емес, дұрыс түрін түсірер ме деген ойға шомдым. Шомдым да қойдым. Жалған хайп қуғандар оны қайтсын? Битке өкпелеп, тонды отқа жақпайық. Қазақ, Қазақстан деген атты асқақтатып жүрген азаматтарымыз, әлем алдында аз уақытта дамудың даңғыл жолына түсіп, өзгелермен терезесін теңестіре алған Тәуелсіз еліміз барда мұртымызды балта шаппас. Ит үреді, керуен көшеді!

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

### Аймақ

#### ЖЫҒҒА АЙНАЛҒАН ЖОЛ

Неге біздің жолдардан шикілік шыға береді? Неге бізде «су жана жол» бір жылға жетпей ойылып, шұрық-шұрық болып қалады? Кілем сияқты жиналатын асфальт шыққан ба? Тіпті миллиардтаған қаржы бөлінді дейтін республикалық маңызы бар автомобиль жолдары жылда жөндеу көрсе де, қуанышымыз көпке созылмай жатады. Міне, Түркістан қаласында да жанадан төселген жолды қайта жөндеуден өткізу керек.

Таяуда сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментімен «Сапалы жол» жобасы бірлесіп, қалада жанадан төселген жолдың сапасына кешенді мониторингтік бақылау жұмыстары жүргізілді.

Өңір тұрғындарының арыз-шағымы негізінде жүргізілген мониторинг барысында Түркістан қаласына қарасты Дастанов, Накыпов, Жібек жолы — Шекті Тілеу, Майкөтов көшелерінің жол сапасы мен қауіпсіздігі тексеріліп, жанадан төселген асфальт-бетон жамылғысынан кесінді сынама алынды.

Түркістан облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ролан Ибрагимов: «Бір күндік бақылау жұмыстарының нәтижесінде облыс орталығында орналасқан Жібек жолы — Шекті Тілеу мен Майкөтов көшелерінің асфальт-бетон жамылғысында бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтсақ, жол біртегіс емес, жиектас зақымданған, жаяу жүргіншіге арналған жолдар талапқа сай емес, су ағарлар түсіп кеткен, ойық-шұңқыр көп», — дейді.

Жаңа салынған жолдан біршама ақау байқаған сала мамандары анықталған кемшілік бойынша мердігер мекемелерге акт түзіп, компания басшыларына қайта жөндеуден өткізу бойынша ұсыныс айтты.

Түркістан қаласына қарасты жанадан салынған 4 бірдей жолдан ақау табылған. Мұның бәрі автокөлік жолының сапасы мен қауіпсіздігін арттыру және бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қадағалау мен төселген асфальт

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА:



сапасына қоғамдық бақылауды, сондай-ақ мердігер мекеменің жауапкершілігін күшейту үшін жасалуда. Тиісті мекемелер соны түсініп, қорытынды шығарар ма екен?

## ЖИНАЛМАЛЫ АСФАЛЬТ, ҮЙІЛГЕН ҚОҚЫС

### ҚОҚЫСТЫ «ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ» ТАЗАЛАЙДЫ

Түркістан облысында өткен жылы 303 заңсыз қоқыс алаңы анықталыпты. Облыстық экология департаментіне «Барлығы тазаланды» деп мәлімет берілген. Алайда аудандарды аралау барысында олардың бұрынғыдан да көбейгені анықталды. Бейберекет жатқан қоқыс полигондары әр ауылда кездеседі. Өңірдегі Жетісай, Мақтарал, Шардара, Сарыағаш және Қазығұрт аудандарында да жағдай мәз емес. Экология басқармасының мамандары «Заңсыз қоқыс алаңдарының көбеюіне жергілікті билік те, бұқара да кінәлі», — дейді. Жыл басында облыс әкімдігі мен жауапты сала өкілдері осы түйткілді шешу үшін аудандарға 275 хат жолдапты. Бірақ соның көбі қағаз күйінде ғана орындалған.

Басқарма басшысы Имангелді Түймебаевтың айтуынша, өңірде заңсыз қоқыс алаңының көбеюіне арнайы полигондардың аздығы себеп. 900-ден астам елді мекені бар аймақта небәрі 30-ға жуық қоқыс төгетін орын қарастырылған. Сонымен қатар облыста тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу көрсеткіші де өте төмен. Оның тек 9 пайызы ғана қайта кәдеге жаратылады.

Биыл еліміздің экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ғарыштық фототүсірілімінде Түркістан облысында 265 қоқыс алаңының бар екені анықталыпты. Оның көбі Қентау қаласының аумағында орналасқан. Соның бірі — Карнак ауылы тұрғындарының қоқыс төгетін алаңы. Тасжолдан бір шақырым қашықтықта орналасқан. Осы ауылдың Әбдіғали Уалхан есімді тұрғыны ауыл тұрғындарының көбі қоқысты арнайы

бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Қазірдің өзінде 60-70 пайызын орындап қойдық. Расын айту керек, Шорнақ елді мекенінің әкімі ауысып, бұл бағыттағы жұмыстар кешіктірілді.



Одан кейін Майдантал ауылында он шақты нүктелеріміз бар. Қазір сонымен айналысып жатырмыз. Жакын арада бітеміз. Ал қала бойынша, шынын айту керек, кешегі жаз айларында шамалы кемшілік болды. Өйткені 9 техника ғана бар. Оның жартысы жөндеуді қажет еткендіктен, тапсырылған жұмысты істей алмадық. Бүгінгі таңда шамалы реттеліп қалды», — дейді.

Осылайша, Түркістан облысында заңсыз қоқыс тастау дерегі тыйылмай тұр. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Данияр Сейтов: «Полигондарды санитарлық-экологиялық талаптарға сәйкестендіру бойынша біршама тапсырма берілген болатын. Алайда бүгінгі күнге дейін аудан, қала әкімдіктерінен басқармаға атқарылған жұмыс туралы мәлімет ұсынылмады», — деді шындықты еш бүкпестен.

Мажелі міндет орындалмаған соң, биыл облыстық мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасы 26 тұрғыны жауапкершілікке тартқан. Оның ішінде төрт бірдей ауылдық округ әкімі мен Сарыағаш, Шардара аудандарындағы жауапты мекеме басшылары бар. Барлығына Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 328-бабына сәйкес айыппұл салынған. Қалай десек те, бұл сала «шамалы реттеуді» көтермейді.

Мәриян АЙТБАЙ,  
Түркістан облысы



# KÖKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

## Түйткіл

Қысы ұзақ Көкшетау өңірінің жауындатып, дауылдатып қоңыр күз жеткенде алаңдайтын сойылдай екі мәселесі бар. Екеуі де қыстың қамы. Біріншісі – мал азығы болса, екіншісі – отын, көмір. Қыс райы қалай болар екен деп, аспан қабағын бағады. Биыл да солай.

## КӨКШЕДЕ:



# КӨМІР ҚЫМБАТ КӨГІЛДІР ОТЫН ЖОҚ

Ақмола облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Иван Юрченконың айтуына қарағанда, біршама дайындық жасалған. Әлі де шаруаны ширата түсу керек. Көмір базаларындағы өткен жылғы көрініс қайталанбаса, болғаны. Ақмола облысына жыл сайын 1,4 миллион тонна көмір қажет. Оның 730 мың тоннасы коммуналдық шаруашылық секторына, 662 мың тоннасы жекеменшікке тиесілі.

Дәл қазір облыс тұрғындарына 412 мың тонна көмір жеткізілген. Бұл – барлық керек көлемнің 62 пайызы. Өңірде 56 көмір қоймасында қатты отын сатылып жатыр. Енді бір ауыз баға туралы айта кетелік. Мәселен, дәл қазір көмірдің бағасы 12 мың теңгенің шамасында. Жоғары сұранысқа ие «шұбаркөл» көмірі 14250 теңгеден сатылса, «майкөбе» 10740, «қаражыра» 12870, «богатырь» 9780 теңге тұрады.

Бір ғажабы, көмір өндіретін кәсіпорында 1 тонна «қара отынның» бағасы 5 мың теңге шамасында. Екі ортада жіліктің майлы басын делдалдар мүжіп отыр. Біздің өңірде көтерме бағамен көмір саудасын жасайтын 17 делдал бар. Міне, табыс сол делдалдардың қалтасына

күйілуіде. Олар жоғарыда айтқанымыздай, тоннасын 5 мың теңгеден сатып алып, өз бағаларын қояды. Айналып келгенде, жалғыз біздің өңір ғана емес, жалпы еліміздегі көмірдің әр тоннасының бағасы 12500 теңге болып шыға келеді.

Енді өздері көмір өндірмейтін, тек екі араны жалғап тұрғандардың табысын есептей алатын шығарсыз. Мұның бәрі ауадан ақша жасайтын пысықтардың тірлігі.

Көмірдің биржада сатылатындығы белгілі. Көмір қоймалары бар сатармандардың өздері нақты бағаны біле бермейді. Разрездің өзінен сатып алсақ, әлдеқайда арзанға түсер еді. Бірақ білетіндердің айтуына қарағанда, ол үшін көп қаражат керек екен.



ауылы алыс сияқты. Нұр-Сұлтан қаласына жеткен газ құбыры жетпей тұр. Тіпті көгілдір отын туралы әңгіме де жоқ. Табиғи газ тартылғанша, көкшеліктер көмір жағып, қолы күс, жөні күл болып күн көре тұруға мәжбүр.

**Байкен КӨБЕЕВ,**  
Ақмола облысы

## Мұнай-Market

Күн сайын 13 млн баррель «қара алтын» өндіріп, осы салада әлемдегі көшбасшылардың бірі саналатын Америкада банкротқа ұшыраған компаниялар қатары молайып келеді. Биылғы сегіз айдың көрсеткіші бойынша, жалпы қарызы 51 млрд долларға жеткен 36 мұнай өндіруші өз қызметін тоқтатты.

ұңғылар» деп ат қойған жер-жердегі кеніштегі құбырды тазалауға 280 млрд доллар қажет көрінеді. Ал компаниялар тарапынан берілген кепілдік мөлшері осы қаражаттың небәрі 1 пайызын ғана қамтамасыз ете алады. Айта кеткен жөн, тақтатас (*сланец*) мұнайын өндіріп, ғаламдық «қара алтын» базарында Американы алға шығарған да осы шағын өндіріс орындары.

көрсетеді. Биржадағы қара май құны да осы пікірді дәлелдей түседі. Былтырғы жылдың соңында Батыс Тексас маркалы WTI мұнайдың бір баррелі 61 доллар болса, өткен жетіде бір бөшке қара май 36 долларға сатылды. Әлгі кішкентай компаниялар пайда табу үшін баррель 40 доллардан кем болмауы тиіс.

Көлік атаулы жанар-жағармайға деген сұранысты күрт азайтқан соң мұнай өндірушілер мен қара майды өңдейтін кәсіпорындардың да жағдайы мез емес. Халықаралық әуе тасымалдаушылары ұйымына (*IATA*) жүгінсек, биылғы тамызда ұшақпен сапар шеккен жолаушы саны өткен жылдың осы айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 75 пайызға кеміді. Бұған қоса, бүкіл әлемде туризм тұралауы халықаралық әуе сапарларының азаюына әкеп соқты.

Талдау орталығы дайындаған есепте «жетім ұңғылардың» Тексас штатында көбірек орналасқаны атап өтілген. Банкротқа ұшыраған компаниялардың 24-і осы өңірде. Мұнда құбырларды тазалап, қайта пайдалану үшін 117 млрд доллар жұмсалуды

**Талап ТЛІГЕГЕН**

## «ЖЕТІМ» ҰҢҒЫ



Іскерлік бағыттағы басылымдардың Лондондағы Carbon Tracker талдау орталығына сілтеме жасай отырып дайындаған ақпаратында АҚШ-та 2,6 млн ұңғының жұмыс істемей, қаңтарылып тұрғаны хабарланды. Сарапшылар «Жетім

Климаттың өзгеруі мен қоршаған ортадағы құбылыстарды зерттеумен айналысатын әлгі орталық компаниялардың өзін банкрот деп жариялауына тәжкеселден туындаған «қара алтын» бағасының арзандап кетуін басты себеп ретінде

тиіс. Одан кейінгі орындарда тұрған Оклахомада шығын 31, Пенсильванияда 15, Охайода (*Oeaiio*) 13 млрд долларға жетеді деген болжам бар.

Қазан айының басында Алик Шпекбаевтың төрағалығымен Білім және ғылым вице-министрі Мирас Дәуленовтің, академиялық адалдық лигасы, «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанындағы ғылыми сарапшылар кеңесінің алғашқы отырысы өтті.

## КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН...

немесе сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызмет  
бүкіл әлемдегі отандас  
ғалымдарымыздың басын  
біріктірді.

Тәуелсіз сараптама органы ұлттық деңгейдегі қолданбалы мәселелерді шешу үшін ғылымды тарту келешектегі міндеттердің бірі болып белгіленген Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру тұрғысында құрылды.

Кенес жұмысының негізгі бағыттары – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша үздік әлемдік тәжірибелерді талдау, бейімдеу және енгізу мақсатында проактивті ғылыми-кәсіби қоғамдастықты қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларды кешенді ғылыми-сараптамалық бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жобалық ұсыныстарды әзірлеу.



Агенттіктің жаңа консультативтік-кеңесші алаңы Ұлыбританиядағы қазақстандық PhD қауымдастығының және әлемнің басқа да жетекші жоғары оқу орындарының жүзден астам жас ғалымдарының басын біріктірді.

Алик Шпекбаев өз сөзінде атап өткендей, біздің жас ғалымдар, шетелдің үздік университеттерінде білім алып, қызмет жасап жүрген ғылым докторлары еліміздің дамуына өз үлестерін қосуға дайын, бұл сөзсіз, қазақстандық жастардың патриоттық сезімін көрсетеді.

Агенттік төрағасы: «Тек бюджет есебінен ғана «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде бүгінде 150-ге жуық PhD доктор білім алған және қазіргі уақытта да осыншасы шындалуда. Google, Deloitte, Facebook және басқа да үздік компанияларда жұмыс істейтін, идеялар ұсынуға дайын кәсіпқойлардың арасында жас қазақстандықтар аз емес. Әлеует бар және оны елдің одан әрі дамуына, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытқа бағдарлау керек», – деді.

Ол бірлескен жұмыстың мақсаттары мен міндеттері ретінде дамыған мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық стандарттарын қолдану практикасында жетілуде, оларды біздің республикамызда іске асыру тетіктерін әзірлеуде ғалымдардың жәрдемдесуі қажет екенін атап өтті.

Білім және ғылым вице-министрі Мирас Дәуленов өз сөзінде мемлекеттік органдардың қызметінде қазақстандық ғалымдардың тәжірибесі мен білімін қолдану тәсілдерінің дұрыстығын белгілей отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен ғылыми қауымдастықтың ынтымақтастығын қолдады.

Өз кезегінде Ұлыбританиядағы қазақстандық PHD қауымдастығының президенті, кеңес басшысы болып сайланған Әлия Сембаева қауымдастықтың табысты тәжірибесі негізінде, оның жұмысының пайымын таныстырды. Өз сөзінде ол ашық, бәсекеге қабілетті және достық тәжірибелер негізінде мемлекеттік саясатты қалыптастыруға ғылыми негізделген тәсілді енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Отырыс барысында PhD докторлары мен докторанттары, оның ішінде Австралия, Ұлыбритания және басқа еуропалық елдердің іс-шараға онлайн қатысушылары жекелеген бағыттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша өз ұсыныстарын ұсынды.

Мәселен, К.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ инновациялар жөніндегі басқарушы директоры Шыңғыс Шерниязданов еліміздің жетекші техникалық жоғары оқу орнының атынан қатысушыларға Қазақстандағы ғылым мен өндірістің өзара іс-қимылы бойынша тәсілдерін жеткізді, сондай-ақ Президенттің ФЭТҚЖ-ға қатысты тапсырмаларын орындау бойынша ұсыныстарын ұсынды. Спикер елімізде талантты ғалымдар үшін және қазақстандық ақыл-ойды шетелден тарту үшін қолайлы жағдай жасаудың маңыздылығына назар аударды.

Кенес сарапшылары жұмыс істей бастаған тағы бір жоба – жоғары білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі. Отырыс барысында әлеуметтік зерттеулер негізінде, шешу жолдарын кеңестің сарапшылар тобы ұсынды (*Арман Рахымов, Анар Мұхтарова, Гүлшат Түсіпова, Мәдір Қабылова*).

Өз тарапынан сыбайлас жемқорлықпен күресушілер әзірленген ұсыныстарды іс жүзінде жүзеге асыру бойынша шаралар қабылдайды.

Агенттік, ғылыми қоғамдастықпен сындарлы өзара іс-қимыл еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**

(Басы 1-бетте)

Сонда олар тиісті елдің уәкілетті органдары құзыретінің аясындағы мәселелерге алаңдамайды, заңдылық тәртібін қадағалаудың орнына сайлаушы құқығының сақталуын қадағалап, сайлау дайындығына, оның өтуіне сындарлы бағасын бере алады. Кыргыз Республикасында осының

пен парасат қажет. Қазақстан заңнамасындағы ашықтық қағидатына негізделген нормаларды түзеге асыру тетіктері баршаға түсінікті әрі уәжді деп айта аламыз.

Байқаушылар миссиясының жұмысшы тобының құрамына Әзірбайжан, Қазақстан, Түркия, ТҮРКПА хатшылығы өкілдері енді. Жұмыс жоспары талқыланған алғашқы жиынның аяғында

соғыстың тезірек тоқтап, бейбіт өмірдің орнауын тіледі. Дәл осындай ой еліміздің сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінде де айтылды. Онда: «Біз достас Әзірбайжан Республикасы мен Армения Республикасын жағдайды тұрақтандыру



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Оқшау ой

# КҮРМЕҮІ КӨП ТҮЙІН

«Армения мен Әзірбайжан арасындағы қақтығыста Қазақстанның ұстанымы қандай болу керек?» деген сұрақ қоғамда қызу талқыланып жатқан сияқты. Меніңше, Қазақстан нақты бір жақты қолдап, екінші жақты даптаудан аулақ болу керек. Солай болып та жатыр. Бұл – бір. Екіншіден, әркім өз ойын, өзінің ұстанымын әр түрлі жолмен жеткізуге болады. Жасыратыны жоқ, біздің Әзірбайжанмен тілдік, діндік, достық арақатынасымыз армяндармен салыстырғанда жақсы. Сауда-саттық қарым-қатынасымыз да жолға қойылған. Оны жоққа шығара алмаймыз. Қазақстан Армения мен Әзірбайжанды татуластыру үшін де аз қызмет еткен жоқ. Армения да біздің мемлекеттің бұл қақтығыстағы позициясын түсінеді деп ойлаймын. Өйткені біз Ресеймен тарихи көрші, арақатынасымыз жақсы мемлекеттіз.

Армения мен Әзірбайжан арасындағы 25-30 жылда шешілмеген түйін бір соғыспен шешіле салады дегенге өз басым сенбеймін. Екі мемлекет тығырыққа тірелгенде ғана бұл мәселе өз шешімін табуы мүмкін. Өйткені дәл қазір екі ел де: «Соғыссыз, бейбіт шешейік. Мұнымыз дұрыс емес» деп артқа шегінетін жағдайда емес. Екі мемлекеттің басшылары қоғамдық пікірдің тұтқыны болып отыр. Қызды-қыздымен бұл қақтығыстың салдары христиан мен мұсылман арасындағы, өркениетті таңдау деген сияқты әңгімелерге ұласып бара жатқандай. Кейбір мұсылман елдері, мәселен, Түркия, Пәкістан, Ауғанстан сияқты мемлекеттер Әзірбайжанды ашық қолдап жатса, Арменияға Батыстағы кейбір елдер «тақым қысып» отыр. Минск тобы да армяндардың қолтамығына су бүркіп отыр. Олар үзетінін екі басын тең басып отыр деп айта алмаймын. АҚШ, Франция, Ресейде армян диаспорасы көп әрі белсенді. Ал АҚШ-та армяндар «Бізді қырып жатыр» деп митингіге шықты. Осының өзі-ақ жария немесе жария емес түрде қай мемлекет кімнің сойылын соғып отырғанын көрсетуде.

Таулы Қарабақ нақты қай елдің жері, кімнің иелігінде болу керек? Бұдан бөлек, Қарабақтан сырт жеті аудан, яғни Армения «отыз жылдан бері қайтармай отырған жердің тағдыры не болады?» – деген сауал бар қоғамда. Әзірбайжанның дәл қазіргі талабы – сол жеті ауданды қайтарып алу. Оның көлемі Әзірбайжан жерінің 5/1 бөлігіне тең. Ал Таулы Қарабақ содан кейінгі әңгіме.

Анығында, Армения (Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы шартына) мүше мемлекет. Ал қазіргі Қарабақ Арменияның өзі әлі танымаған, түсініксіз құрылым. Ол армян әскерінің күшімен осы күнге дейін өмір сүріп келген құрылым. Ол анық әңгіме. Дәл қазір Армения соғысқа қатысы жоқ жерден Әзірбайжанға зымыран атып жатыр. Бұл қарапайым есеп. Ертең Әзірбайжан Арменияның ішіне қарай зымыран атса, армяндар «әзірбайжандар бізге тікелей шабуыл жасап жатыр, соғысқа арналмаған жерге оқ атып жатыр» деп жаһанға жар салады. Дәл қазір екі елде ақпараттық соғыс өршіп тұр. Біз олардың не айтса, сонысына сенуімізге болмайды. Бір-бірінің айтқанын жоққа шығарып, бірінің сөзін бірі терістеп жатыр. Сондықтан Қазақстан кез келген ақпаратқа сенбеуі керек. Барынша зерттелген, тексерілген, екі жақ та мойындаған ақпаратқа сенуі керек.

Соңғы отыз жылда соғыс құралдары ауысып кетті. Соғыстың тәсілі, соғыс технологиясы өзгерді. Бұрын танкімен соғысатын жерде қазір ұшқышсыз дрондар ұшып жүр. Мұның бәрі бізге, яғни Қазақстанға сабақ алатын, көп нәрсені аңғартатын жағдай. Түркияның ұшқышсыз ұшатын дрондары Сирия мен Қарабақ соғысында өз нәтижесін көрсетіп жатыр. Демек бізге ойланып қана қоймай, әскери доктринаға өзгеріс жасау керек!

Ал Кыргызстандағы жағдай осыдан он-он бес жыл бұрын басталып, аяқталмаған революцияның жыры. Бұған дейінгі төңкерістерде «халықтың жағдайы жақсарды, бақытты өмір сүреді, жемқорлық түбімен жойылады» деген сенім болған. Түптеп келгенде, бірінші революция да, екіншісі де, үшіншісі де ешқандай нәтиже бермеді. Өйткені жемқорлық жойылмады, контрабанда тыйылмады. Қоғамның ішінде қордаланған мәселе одан сайын жиналып қалды. Халықтың наразылығынан туындаған төңкеріс билікке, мемлекеттік құзырлы органдарға қатысты теріс пікір тудырады. Бұл «өзіміздің билік қой, керек болса, төңкере саламыз ғой» деген пікірдің қалыптасуынан биліктің қалпын кәсіпті қалмайды.

Сайлаудың қорытындысы белгілі болмай тұрып, Атамбаевтың жақтастары «алаңға шығамыз» деп жар салған. Екіншіден, қырғыз еліндегі ішкі-сыртқы мәселелер де ықпал етіп отыр. Кедендік одаққа қосылғаннан кейін бюджеті тұралап қалды. Қырғыз азаматтарының көбі шетелде жұмыс істейді. Пандемия бұл елдің жағдайына артық ұпай қосқан жоқ. Керісінше, жағдайдың ушығып кетуіне белгілі бір деңгейде әсері болды. Шекаралар жабылған соң өзге мемлекетте жұмыс істейтін қырғыздар елдеріне оралып, жарты жылдай табыссыз қалды. Ашуға булығып отырған халыққа сайлаудың дұрыс өтпеуі, дәстүрлі партиялардың тағы да мүмкіндіктерін асыра пайдаланғаны, дауыс сату феноменінің пайда болуы теріс әсер етті. Өзгерісті сезінбеген халық көшеге шықты. Барлығы элитаның сапасына байланысты.

Бүгінгі «революциялық билік» деп жүргендері кеше премьер, вице-премьер болған азаматтар. Қырғыз елінің негізгі трагедиясы – биліктің ру мен қандардың қолына өтіп кетуі. Сайлауға елуге жуық партия қатысамаз деген еді. Соның басым көпшілігі рулық, қаржылық, тіпті қылмыстық топтардың айналасына біріккен партиялар. Бұлар ортақ жау шыққанда ғана бір мәмілеге келетін шығар. Қалған уақытта басы бірікпейді. Алдағы уақытта президент және парламент сайлауы өтуі мүмкін. Қырғыз ағайындардан көріп түсінгеніміз, көшенің ықпалында жүрген биліктің қауқары болмайды. Ондай билік өз мойнына жауапкершілік алмайды.



Айдос САРЫМ, саясаттанушы



# САЯСАТТЫҢ СЫНЫ МЕН САБАҒЫ

бірыпырасы іске қосылғанына, сайлау жөніндегі заңнаманың жетілдірілгеніне қарамастан, сайлаудың нәтижесі жоққа шығарылды. Оның себебі мен салдарына көңілі саясатшылар мен сарапшылар баға беріп те жатыр. Мұның арасында дұрыс болжау бағытындағылар да, бұрмалап теріске шығарушылар да жетіп артылады. Өзіміз байқаған бірер «өтпеген-айды» алға тартсақ. Ол – сайлауды дайындау мен өткізудегі орашалақтық, атүстілік, кәдімгі керенаулық. Түптеп келгенде, еліміздің Президенті К.Токаевтың: «Демократияның басты жауы – білімсіздік пен популизм. Осыны естен шығармаған жөн» деген саликалы пайымы айна-қатесіз екеніне көз жеткіздік. Жалпы сайлау өткізуде қатысушылар мен ұйымдастырушылардың талап-тілектерін тек заң жүзінде ескеру аздық етеді. Қай істе де сарабалдық

қазір жүріп жатқан Әзірбайжан мен Армения арасындағы соғыс тақырыбы да қозғалмай калмады. Әрбір қатысушының пікірін мұқият тыңдаған Түркия депутаты: «Мұны дінаралық соғыс деуге болмас, өйткені мұсылман түріктерден өзге христиан түріктер де бар. Жалпы қаруға қаруды, тілге тілді қарсы қою бұрыннан қолданылып келеді, ал дінді дінге қарсы қоюға талпыну Жаратқанға қарсы келумен тең және оны түсіну қиын. Пайғамбарымыз «аз сөйлеп, көп іс жасауға» шақырғанын ұмытпайық. Бір ғұлама (С.Ширази) «Жүз табақ ет бір тамшы қанды алмастыра алмайды» деп жазған еді. Қазіргі ұғыммен айтсақ, «миллиондаған тонна мұнай бір адамның өміріне тұрмайды», осыны ұмытпасақ», – деді. Барлық қатысушылар Кавказ өңірінде тұтанған әскери қырғында шейіт болғандарға көңіл айтып,

үшін барлық шараларды қабылдауға, күш құралдарын пайдаланудан бас тартуға және мәселені келіссөздер арқылы шешуге шақырамыз», – делінген.

Біз – айналамызды доспен қоршауға, «ырыс алды – ынтымақ» қағидатын ұстануға тырысқан халықпыз. Сондықтан көрші қырғыз еліндегі саяси ахуал, тағдыр-талайы ауыр Таулы Қарабақ түйіні қай мәселені болсын ушықтырмай шешу – әділеттің ақ жолы екенін көрсетеді. Саясаттың сыны да, сабағы да осында.

Дархан МЫҢБАЙ, Мәжіліс депутаты



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ ↓

ФОТОАЙҒАК ҚЫРҒЫЗСТАН



ӘЗІРБАЙЖАН  
Гәнжа қаласы



**Өнеге**

**Нұр-Султанның іргесіндегі Қоянды ауылында құрқылтайдың ұясындай ғана темір дүңгіршекті паналаған Кемелхановтар отбасына Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы 3 бөлмелі үйдің кілтін табыстады.**

## ТЕМІР ҮЙ «ТОҢДЫРА» АЛМАДЫ



Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы «Зекет» қорының «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында Нұр-Сұлтан өкілдігінің ұйтық болуымен, 279-ші баспана кілтін Мая Софонқызына төл мерекесінде жасалған тендессіз сыйлық болды.

Соңғы төрт жыл Кемелхановтар отбасы үшін ауыр кезең болды. Бірінен соң бірі келген ауыр сынақ бұл жаңыны ақырында темір үйге қамап тынды. Отағасы Әскер Кемелханов құрылыста ауыр жаракат алып, жұмысқа жарамсыз болып қалды. Барлық ауыртпалық Мамандық мойнына жүктелді. Отбасының жағдайын жасап жүрген қайсар ана қандай қиындыққа тап болса да мойымай, шығар жолды тек еңбектен іздеді. Елорда іргесіндегі Қоянды ауылындағы мектепте география пәнінен сабақ береді. Жалақысы бала-шағасының ішіп-жемінен аспайды.

Қыста суық, жазда ыстық темірден жасалған вагон-үйді паналады. Күнне жұмысқа барарда үйден жан-жағына қарап, ұрланып шығады. Оқушылары көріп қоймаса екен деп қысылып бітеді. Мектеп пен вагон-үйдің арасы төрт шақырым. Бір әулеттің асыраушысына айналған әйел үй мен мектептің арасында жаяу жүріп, балаларға сабақ беріп келеді. Сабақ арасында мүгедек күйеуі мен екі баласының ас-ауқатын дайындап кетеді. Жаз күндері таң атпай қарақат теріп, оны базарға өткізеді. Ұстаз өзінің осындай қиын жағдайын айтып, әкімдік жағалап, шағымын жеткізіп, халықтан көмек сұрап, алақан жайған емес.

Біз еңбеккер мұғалімге арнайы хабарласып, су жана пәтеріне құтты болсын айтып, сұхбаттастық. Ол: «Бұл мен үшін үлкен тосын сый болды. Мені қонаққа деп шақырып, үйдің кілтін ұстатқанда, ерекше әсерде болдым. Темір вагоннан хан сарайындай үйге ие болу айтып жеткізе алмайтын бақыт екен! Қатты толқидым. Осындай қуанышты сәтті үйсіз жүрген барлық



Отбасын құрып, жолдасымен Нұр-Сұлтан қаласына қоныстанды.

Мамандық мұғалімге арнайы хабарласып, су жана пәтеріне құтты болсын айтып, сұхбаттастық. Ол: «Бұл мен үшін үлкен тосын сый болды. Мені қонаққа деп шақырып, үйдің кілтін ұстатқанда, ерекше әсерде болдым. Темір вагоннан хан сарайындай үйге ие болу айтып жеткізе алмайтын бақыт екен! Қатты толқидым. Осындай қуанышты сәтті үйсіз жүрген барлық



кажетіне ерң жеткізіп жүрдім. Бірақ ешкімге барып шағымданған жоқпын», – дейді. Келіншек өзіне баспана сыйлаған ұжымның барлығына алғысы шексіз. Біздер үшін Мая – асқан шыдам мен ізгіліктің тамаша үлгісі. Тапқанын бала-шағасына жеткізе алмай, ақыры қиындыққа шыдамай ажырасып кететіндермен салыстырғанда, оның қайсарлығы көпке үлгі боларлық екен.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

**Сауалнама**

**Асылы, мамандық таңдауда қателеспеген дұрыс. Өйткені ертеңгі күнкерісің таңдаған кәсібіңе байланысты. Жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін жұмыс таба алмай, басқа салада жүргендерді жиі кездестіреміз. Ал кейбірі тіпті дипломсыз-ақ өзіне таңсық саланы игеріп алады. Сонда мамандықты қалай таңдау керек? Осы тақырыпқа қатысты бүгінгі кейіпкерлеріміздің өз айтар ойы бар.**



**Мәншүк ЕРЛАНҚЫЗЫ,**  
МҰҒАЛІМ:

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!**

Мектепті бітіріп, қолымызға аттестат алғаннан кейін жоғары оқу орнына түсу – бәріміздің арманымыз. Әсіресе, өміріңе қажетті мамандықты таңдау маңызды. Жақындарымың барлығы «мұғалім бол, болашақта өлмейтін мамандық» дегендеріне қарамастан, өз таңдауымен қытай тілінің аудармашысы боламын деп шештім. Ата-анам да таңдауыма аса қуанбаса да қолдады. ҰБТ-дан жақсы балл жинағаныммен грантка іліге алмадым. Алматыдағы Шет тілдер және карьера университетінің «аударма ісі» мамандығына ақылы бөлімге оқуға түстім. Төрт жыл оқып, қолыма қытай тілінен аудармашы дипломын алдым. Бар мәселе қолыма диплом алып, жұмысқа орналасқым келгенде басталды. Өйткені қаладағы ірі компанияларға орналасу үшін кемінде 2-3 жыл жұмыс өтілің болу керек. Біраз компанияның есігін қақтым, бірақ бәрінің айтатыны бір – жұмыс тәжірибесі керек. Ал оқуды жаңадан аяқтаған мамандық жұмыс өтілі қайдан болсын? Шыны айту керек, төрт жыл бойы тек теориялық білім алдым. Ұстаздарымыз барынша білім берді, әрі қарай дамыту өз қабілетімізге байланысты екенін де білемін. Бірақ күнделікті тәжірибе болмаса, өзге тілді есте сақтап қалу қиын. Өйткені мен бірден мамандығым бойынша жұмысқа тұра алмадым. Ал қазіргі заманда жұмыс істемесен, жан баға алмайсың. Ата-анам да салмақ салғым келмеді. Олар мені өсірді, бағып-қақты. Оқуымды төледі. Дипломым бойынша жұмыс таба алмағаным олар да уайымдап жүрді. Администратор, сауда менеджері сынды әр түрлі жұмыстарды істеп, қытай тілін ұмықта бастадым. Өйткені қайталап оқып тұруға, ол тілде сөйлесіп пікір алмасуға уақыт та тапшы. Қажетке жарамай қалған дипломыма қарап өкінемін. Өу баста мамандықты дұрыс таңдаудың маңызын енді түсіндім. Ата-анамның еңбегінің зиян кеткеніне ішім ашыды. Бірақ мұнымен тоқтап қалғым келмейді. Содан Алматы университетінің «Педагогика және психология» мамандығы бойынша, бастауыш сыныптарға сабақ беретін мұғалімдерді дайындайтын бөлімге түстім. Қазір аталған оқу орнының 3-курсінде оқимын. Қосымша Әкесттегі №156 мектепте жұмыс істеймін. Мектептің іс жүргізу, құжаттама бөлімінде қызметкермін. Оқуымды аяқтап, қолыма диплом алғаннан кейін толыққанды мұғалім атанамын.

**Гүлмира ДАЙРАБАЙ,**  
A/CU University of Southern California университетінің докторанты:

**БАЛАНЫ ЖАСТАЙЫНАН БАУЛУ КЕРЕК**

Мені көпшілік көгілдір экран арқылы танығандықтан, журналист деп ойлайды. Негізінде диплом бойынша мамандығым – «Халықаралық қатынастар». Соңғы 2,5 жыл Америкадағы докторантурада мемлекеттік басқару факультетінде білім алып жатырмын. Әлем бойынша пандемия жарияланып, наурыз айынан бері елге келіп оқуымызды онлайн жалғастырамыз. Еліміздегі онлайн білім жүйесіне қандай да бір баға бере алмаймын. Өйткені өзім де, балаларым да Американың онлайн жүйесімен білім алып жатырмыз. Біздегі білім платформаларына өзге адамдардың кіріп, видео жүктеп жібергені туралы естідім. Бұл қауіпсіздіктің әлсіздігінен. Өзім еліміздегі оқу орнын аяқтадым. Одан біз жаман болған жоқпыз. Дегенмен Америкада баланың ойлау қабілетіне кішкентайынан еркіндік беріледі. Бізде қалай? Біз балаға «Мынаны жатта! Мынаны оқы!» деп нұсқау береміз. Ол жақта мектеп үш санатқа бөлінеді: бастауыш, орта және жоғарғы сынып. Осы сыныптарға арнайы білімі бар мұғалімдер сабақ береді. Сабақ танертенгі 7:40 басталып, түскі екіде бітеді. Мұғалімдер түстен кейін бос. Оқушылардың тапсырмасын тексеріп, ертеңгі күніне жоспар құрып, үйіне ерте қайтуға уақыты бар. Ал біздің елде мұғалімдер 3-4 жүктемені алады. 2-3 ауысымда жұмыс істейді. Меніңше, ол дұрыс емес. Өйткені мұғалімнің де жеке өмірі болуы керек. Балаларым аптаның бес күнінде оқиды. Бірақ бесінші күні үй тапсырмасы берілмейді. Өйткені сенбі-жексенбі – демалыс. Бала да осы күндері демалуы керек. Баланы жастайынан қабілетіне қарай өз қалаған мамандыққа баулып, сол салада тереңірек білім алуына аса мән беріледі. Сондықтан балаңыз болашақта хирург, биолог, жазушы боламын десе, сол саланы көбірек дамытуға мән беріңіз.



**Алуа МҰРАТҚЫЗЫ,** фармацевт:

**ДИПЛОМ МАҢЫЗДЫ ЕМЕС**

Алматыдағы жоғары оқу орнында шет тілі мамандығы бойынша білім алдым. Ағылшын тілін дамытқым келіп, Малайзияда оқуымды жалғастырдым. Куала-Лумпурда әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттер білім алады. Әсіресе, ағылшын тілін дамытқысы келетіндер үшін арнайы курстар бар. Мен Филиппин, Қытай, Үндістан сынды мемлекеттерден келген студенттермен бірге оқыдым. Әрқайсымыздың тіл үйрену деңгейіміз әр түрлі. Бірақ ол жерде ағылшын тілін ең төменгі деңгейден бастап қайта оқытты. Тәжірибем аса мән беріледі. Ағылшын тілінде шығарманы көп жаздырады. Өз ойыңды көп айтқызады. Ол жақтан өзіме мол тәжірибе жинақтап қайттым. Елге келгеннен кейін туристік фирмада жұмыс істедім. Бірақ маған осының барлығы аз көрінетін. Өйткені үнемі ізденісте, қозғалыста жүргім келеді. Меніңше, қазір дипломмен алған мамандығың маңызды емес. Маңыздысы істеген жұмысыңның өзіне ұнауы. Тіпті бірде журналистикаға қызығып, арнайы курстарға қатысқаным бар. Бірақ журналист бола алмадым. Қазір фармацевтика саласында жұмыс істеймін. Негізі бұл салаға көбінесе медицина саласында білім алғандарды қабылдайды екен. Мен бұл салада өзімді жақсы жағымнан көрсетіп, жұмысқа бірден қабылдандым.

Жазып алған Макпал НОҒАЙБАЕВА

**Тарих**

**Осыдан біраз бұрын өлеуметтік желілерде өзін «құрылып жатқан коммунистік қозғалыстың жетекшісі» деп атаған Әлжан Исмағұлов пен саясаттанушы Данияр Әшімбаевтың сұхбаты жарияланды.**

**Осы екі отандасымның сұхбаты мені Сталин дәуіріне деген асқан құштарлық пен сағыныштың лебі есіп тұрғандықтан қызықтырды. Қазір арзан шұжық пен арақ, тегін пәтер туралы айтып зар жылайтындар көп қой.**

Иә, кеңес кезінде арзан шұжық болды, шипажайға жіберетін. Бірақ тегін ірімшік тышқан аулайтын қақпанда ғана болмай ма? Сондықтан тегін пәтер мен арзан курорт туралы еңгіме коммунистік партия басшылары айтқан ертегіге тым ұқсас. Сол тегін пәтерлер еңбеккерлердің жалақысын теңгеру және жеткілікті деңгейде төлеуі есебінен тұрғызылған. Олан өзгелерін айтсақ, кеңес үкіметі кезінде киім, тамақ,

бөліп беру, ұлттық сипатта кемсітуді жою, жұрттың жерін тартып алуды доғару, мектептер мен университеттер ашу сияқты мәселелер қарастырылған. Алашордашылар бұл ойларын 1917 жылдың күзінде, билікке большевиктер келмей тұрып ұсынған. Ал желтоқсан айында осы мәселе сөзде айтылады. Жалпы еркіндік пен лайықты өмір сүруге берілген құқықты тоталитарлық жүйе көсемдерінің сыйы деуге болмайды. Еркіндік

## КӨНЕНІ КӨКСЕГЕНДЕР ЖАҢАНЫ ЖАРЫЛҚАМАС



сапалы қызмет – бәрі тапшы еді. Бұл алып елдің азаматтары шетелдік ансамбльдер мен «жаудың дауысын» жасырын тыңдалды. Бірақ биліктегілер бізге бесжылдық жетістіктерін, марксизм мен ленинизмнің жеңімпаз ілімдерін, коммунистік құрылыстың сән-салтанатын және тағы басқаларды айтудан болды.

Жұрт қаладағы пәтерді ондаған жыл күтетін. Көмір, алтын және минералдардың бай қоры бар Кеңес одағы Батыс елдерінен үнемі несие алғыш еді. Тіпті А.Сахаров, А.Синявский, Г.Даниэль, біздің жерлесіміз Махмет Құлмағамбетов секілді диссиденттерді Ежелгі Римдегі құл сияқты сол несиеге алмастыруға дейін барған. Егер саяси бюро жиындарының хаттамасын ақтарсаңыз, сондай құжаттар табуға болады. Өзім оларды жақсы білемін. Мұндай жағдайлар туралы «Кеңестік социализмнің шарықтау шегі және құлдырауы. Қазақстан полигоны» атты кітапта жазғанбыз.

Большевиктердің бір жасаған дұрыс әрекеті 1922 жылы КСРО-ны ұлттық құрылым ретінде реформалағаны шығар. Бірақ олардың басқа амалы жоқ еді. Империя құлдырап жатқан Украина, Кавказ бен Орталық Азия халықтары одан шығудың аз-ақ алдында тұрды. Сондықтан саны көп халықтар автономия алды. Олардың арасында Қазақстан да бар.

Кеңес өкіметі аз уақытта сауатсыздықты жойды. Мектептер мен университеттер ашылды. Бұл – расымен де үлкен жетістік. Бірақ Қазақстанда әліпби саяси себеппен аз уақыттың ішінде үш рет өзгерді.

Ал негізі КСРО басшылары аузынан тастамаған «коммунистік жұмақ» немесе «дамыған социализм» құру дегені іске аспайтын қиял ғана еді.

Әлгі екеу тарихты дұрыс білмейтіні былай тұрсын, оны бұрмалап жіберген. Тіпті соған беттері бүлк етпейді. Мысалы, Қазақстан 1920 жылдың тамызында автономия алды. Сол автономияны құруға Станислав Пестковский, Әліби Жангелдиндермен қатар «Алаш Орда» партиясының мүшелері Ахмет Байтұрсынұов пен Әлімхан Ермеков те қатысқан. Зиялы азамат, Мемлекеттік Думаның депутаты Әлихан Бөкейханов Алашорданы құрып қана қоймай, қазақтың тәуелсіз мемлекетін қалыптастыруға талпынды ғой. Азамат соғысы кезінде Алашорда көсемдері автономия үшін күрескен. Ал ары қарай тәуелсіз Қазақстан құрғысы келді. Олардың бағдарламасында парламент жасақтау, президенттік институт енгізу, адамдарға жер

– әр халықтың ешкім тартып ала алмайтын құқығы. Ал сол заманда бізге автономия берілуіне жарқын болашаққа сенген саяси қайраткерлердің қосқан үлесі мол. Олардың арасында қазақтармен қатар түрлі ұлт өкілдері де болды.

Негізі большевиктердің өкіметі заңсыз. Өйткені олар билікке сайлау емес, күш қолдану арқылы келді. Мен саясат тарихымен көптен бері айналысып келемін. Соның нәтижесінде осы тақырыптағы бірнеше кітапты өзім де, басқа әріптестеріммен бірлесіп те жаздым. Қазақстан мен Ресейдің, басқа да шетелдердің мұрағаттарын ақтардым. Қолыма талай құжат түсті.

Кеңес кезінде басқару органдарында жұмыс істедім. Партия комитеттерінде не болып жатқанын өз көзіммен көрдім. Сондықтан көп қайттарды саралай аламын. Сондай-ақ Даниярдың атасы Түймебай Әшімбаевты да жақсы танытынымын. Ол жаламен сотталып, көп жыл сталиндік лагерде болып қайтқан.

Кеңес дәуірін үнемі ансап отыратын адамдар өзгелерді «коммунистерді сатып келді», ұстанымдары тез өзгерте кетті» деп кінәлайды. Мұндай сөз бізге 30-шы жылдардан жеткен. Бұл – Сталиннің заманында шыққан сөз тіркесі. Тек «халық жауы», «буржуазияның сарқыншағы» деген сияқты сұмдық тіркестер жетіспейді. Ол уақытта басқа да радикалдықта атаулар болды. Өзгеше ойлайтын адамды «ұлтшыл», «екіжүзді» немесе «сатқын» деп соттағып жіберу, тіпті оның көзін жою оң-аяп еді.

«Адам еркін тыныс алатын ел» туралы ән 30-40-шы жылдары кен таралды. Ал ол тұста сол елдің жартысы тікенек сымның ар жағында жүрген. Жұрттың ойы бір жақта, аузынан шығар сөзі бір жақта еді.

«Жаңа коммунистер» біреулерді «тура жолдан тайғандар» деп те кінәлап жатты. Біз осы неге Сталин мен оның жақтастарының кеңестік номенклатурасы халықты ақымақ ету үшін ойлап тапқан ұрандарға адал болуымыз керек? Сондай-ақ «Кеңес одағы жұмысшылар мен шаруалардың мемлекеті болды» деп те өтірік соғудың қажеті жоқ. Тіпті Конституцияда КСРО-ны «пролетариат диктатурасы бар мемлекет» деп атаған. Бірақ бұл елде жұмысшылар мен шаруалар ешқашан билік еткен емес. Билік азғын партиялық номенклатураның қолында еді. Естеріңізде болса, 70-жылдары «Пролетариат диктатурасына арналған гауһар тас» деген фильм шыққан.

(Жалғасы 7-бетте)

(Соңы. Басы 6-бетте)

Партиялық билік қатардағы коммунистерді жек көретінін білдірмесе де, оларға мұрын шүйіре қараған. Кеңестік коммунистердің көсемі Иосиф Сталиннің қызы Светлана Аллилуеваның естеліктерін оқып көріңізші. Сонда жоғары лауазымды шенеуніктер В.Молотов, Н.Хрущев, К.Ворошилов, А.Жданов және тағы басқалардың

жаманы, ол кезде дәулетті адамдардың қатарына орташаларды, тіпті кедейлерді қосып жіберген ғой. Бірақ, қалай болғанда да, мүлкікті заңсыз алып қою қылмыс болып есептеледі. Елестетіп көріңізші, үйіңізге келеді де, бар мүлкіңізді тартып алып, балаларыңыз бен немерелеріңізді итжеккенге айдайды. Сондағы олардың бар кінәсі – өзгелерден ақылдырақ, білімдірек болғаны және өте жақсы киінгені.

# TARİH



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Ал Әшімбаевтың сол «қуғын-сүргін мәселесін тым саясиландырып жібердік» дегені қисынға келмейді. Қаншама жыл халық жауларының балалары, немерелері деген кара күйе жағылып келген азаматтардың құқығы шектеліп отыр. Коммунистік партияның басшылары мен олардың бүгінгі мұрагерлері жазықсыз өлтірілгендер үшін кешірім сұраған жоқ. Кеңес одағы тарап жатқан кезде КСРО-ны қолдап ешкімнің көшеге шықпауы жәйдан-жай емес сияқты. Ал Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мамыр айында саяси-қуғын құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құруды тапсыруын аса қажет әрі дер кезінде жасалған қадам деп санаймыз. Сөз арасында Жұмабек Тәшеновтің әруағын қорлапты. Мұрағат материалдарын қарамаған. Қазақ тілін білмейтіндіктен сол ірі қайраткер туралы естеліктерді де оқымаған. Мысалы, белгілі мемлекет қайраткері, ғалым Сағындық Кенжебаев Тәшеновтің құдіреті күшті Хрущевпен қалай қырқысқанын еске

қырылғаны туралы дерек көп жерде көрсетілген. Ғаламтордан іздесеніз де, тез тауып аласыз. Қазақ жеріндегі жұттың сұмдықты жайында АҚШ тарихшысы Роберт Конквест те «Қасіретті науқан» («Жатва скорби») атты кітабында жазды. Ол ұжымдастыру жылдарында жергілікті халықтың қырылуын қазақтардың аса үлкен қасіреті деп атаған. Осы тақырыпты басқа да тарихшылар зерттеп жүр. 1926 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша, қазақтардың саны 3 968 289 болған. Осы көрсеткіш 13 жылдан кейін өсудің орнына, керісінше, төмендеп кетті. 1939 жылғы көрсеткіш - 3 100 949. Әсіресе, балалар көп өлген. Бұл туралы көптеген естеліктерде айтылады. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов өздері аман қалу үшін анасының кішкентай қызды қасқырға тастап кетуге мәжбүр болғанын қайғыра отырып еске алған еді. Қазақстан мен Украинадағы ашаршылық Кеңес өкіметінің солақай саясатының кесірінен болды. 1928 жылы Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің «Байлардың мал-мүлкің көмекселеу туралы» қаулысы шығады. Оған басқа да қаулылар

# КӨНЕНІ КӨКСЕГЕНДЕР ЖАҢАНЫ ЖАРЫЛҚАМАС

бет-бейнесін тани аласыз. Көптеген қарапайым адамдар социалистік бағытқа шынымен-ақ сеніп, елдің әлеуетін арттыруға адал еңбегімен үлес қосты. Мысалы, менің анам қарапайым ауыл еңбеккері, КОКП мүшесі болған. Әкем екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Екеуі де мемлекетке адал болды.

Әлжан Исмағұлов Мұстафа Шоқайдың әруағын әдейі қорлап отыр. М.Шоқай ешқашан да КСРО азаматы болған емес. Мысалы, генерал Власов сияқты онда да бұл елдің төлқұжаты жоқ еді. Ол Ээки Уәлиди секілді Кеңес одағын қабылдай алмады. Бұл азаматтар большевик көсемдерінің азғындығы мен қатыгездігін ерте түсініп, шетел асқан. Сөйтіп өз халқының тәуелсіздігі жолындағы күресті жалғастырды. Әлде бұлар НКВД жендеттері келіп, тап сол жерде атып тастауын күтіп отыруы керек пе еді?

Олар ешқашан қолға қару алып күрескен емес. Мұстафа Шоқай 40-шы жылдары журналист болған. Әскери тұтқындардың қиын тағдырын естіп-білген ол соларға көмектесу үшін неміс лагерлеріне аттанды. Бірақ 1941 жылы қайтыс болды. Бұл арнаулы қызметтің ісі болуы мүмкін. Оны кеңестің немесе немістің барлаушылары у беріп өлтіруі ықтимал. Мұстафаның титімдей де кінәсі жоқ інісі Нұртазаның атылып кеткенін, ал басқа туыстарының ұзақ жылдар бойы кара күйе жағылып, қуғын-сүргінге ұшырағанын әлгі екеуі білмейтін сияқты.

Коммунистік партия көсемдері тұтқынға түскен адамдарға қандай да бір көмек көрсетуден бас тартқан. Оларды «отанын сатқан опасыздар» деді. Шындығында отанын сатқан Сталин мен Молотов еді. Өйткені олар Германия Кеңес одағына басып кірмей тұрып, Гитлермен және басқа да рейх көсемдерімен оңаша келіссөздер жүргізген. Лагерлерді ашып, қуғын-сүргін жасаған қарапайым коммунистер емес. Социализм идеяларын жұмысшылар емес, номенклатура өкілдері бұрмалаған. Ал басқа коммунистердің көбі Сталин түрмелерінде ажал құшып жатты.

Енді соғыс пен ашаршылық кезіндегі адам шығыны жайында айтамыз. 1918-1920 жылдары азамат соғысы кезінде біздің республикамызда 3 миллион адам өлген. Соғыстың алғашқы бірер айында, яғни 1941 жылдың 22 маусымынан қазанға дейін Кеңес одағының 3,9 миллион (немістердің дерегі бойынша) азаматы тұтқынға түсті. Ал жалпы алғанда, КСРО басшыларының ебедейсіз әрекетінің кесірінен 7 миллион кеңес жауынгері жаудың құрығына ілінген. Сонда қаза тапқандар мен тұтқыннан босап шыққаннан кейін сталиндік лагерлерге 10-

Орыстың белгілі жазушысы Лев Разгон «Ағат іс» («Непридуманное») атты кітабында «олардың байлығын жұрт талап әкетті» деп жазды. Ол өзі де жазықсыз сотталған. Ал қалаларда шынымен де қуғын-сүргінге ұшырағандардың мал-мүлкің сататын дүкендер ашылған еді.

Осындай қатып қалған қағидаларға қарамастан, сталиндік абақтыларға зиялы қауым өкілдері ғана емес, шаруалар, жұмысшылар, студенттер, комсомолдар да қамалды. Француз ғалымы Никола Верттің жазуынша, Кеңес одағының азап лагерлерінде 5 миллионнан 17 миллионға дейін адам жазасын өтеген. Бірақ кеңес өкіметі қуғын-сүргінге ұшырағандардың санын барынша жасырған. Сондықтан тұтқындалғандар мен атылғандардың нақты санын білу әлі күнге дейін мүмкін болмай тұр.

Бұл екі азамат «тарихты жетік білмейді екен» деп босқа айтып отырған жоқпын. Мысалы, адамдардың лагерге тіпті сот шешімімен емес, НКВД органдарының қаулысымен жіберілгенін көпшілік білмейді. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік бас комиссары Николай Ежов «халық жауларының» әйелдері мен балаларын тұтқындау туралы шұғыл бұйрық шығарған. Осы бір үрейлі бұйрық бойынша, еш кінәсі жоқ аналар мен балаларды абақтыларға жөнелтіп отырған. Олардың көбі сол жерлерде өліп кетті. Солардың бірі – АЛЖИР («Отанын сатқандардың» әйелдерінің Ақмола лагері) қазіргі Нұр-



15 жылға жіберілген жауынгерлер үшін кім жауапқа тартылды? Екінші соғыста кеңес халқы 28 миллион аламынан айырылды. Ал «буржуазияшыл» Уинстон Черчилл басқарған Ұлыбританияның жеті жылда 350 мың жауынгері мен қарапайым 60 мың азаматы қаза тапты. Сандарды салыстырып көріңізші!

Бұл сол заманда тек байлардың ғана жерін, мал-мүлкің тартып алған дейді. Біреудің мүлкің сот шешімінсіз қалай тартып алуға болады? Сонда байлар адам емес пе? Олардың отбасы, бала-шағасы жоқ па? Жалпы дәулетті адамдардың бөріне қылмыскер деп айдар тауға болмайды. Олардың бәрі бірдей зорлық-зомбылықпен мал жинаған жоқ. Көбі адал еңбегімен байыған.

Исмағұлов сотсыз, басқасыз мүлкіңнен айырылғандарды, тіпті ажал құшқандарды аяп отырған жоқ. Ол байлардан тартып алынған мал-мүлкің халықтың қажетіне жараған дейді. Ең



алады. «Жұмабек Тәшенов» атты монографияда осы жәйт бүге-шігесіне дейін баяндалған. Бостандық ауданын өзбектерге беру мәселесі



1920 жылдары көтерілген еді. Сөйтіп ол 1955-1956 жылдары шешілді. Ал республикалар арасындағы шекараны өзгерту туралы шешімді қабылдаған Жұмабек Тәшенов емес, сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Леонид Брежнев болатын. Сөйтіп 1956 жылдың 13 ақпанында КСРО Жоғарғы кеңесінің төрағасы Климент Ворошилов пен Президиум хатшысы Николай Пегов

«Қазақ КСР-і мен Өзбек КСР-і арасындағы шекараны ішінара өзгерту туралы» жарлыққа қол қойды.

Жұмабек Тәшенов және басқа да жауапты қызметкерлер – Хайдар Арыстанбеков, Иван Слажнев, Андрей Морозовтар Бостандық ауданын қазақ жерінде қалдыру үшін соңына дейін күресті. Бірақ Мәскеуден күштері тең болмады да, жерді алып қалуға шамалары жетпелі.

Тәшенов партияның басқа қызметкерлері сияқты кабинетінде отыра бермейтін. Ол аса дарынды және батыл адам болды. Біліктің қатаң бақылауына қарамастан, құдіреті күшті орталықтың алдында Қазақстанның мүддесін барынша қорғай білді. Мұны дәлелдейтін құжаттар бар. Ол жазықсыз жапа шеккендерді ақтау үшін көп іс атқарды. Жұмабек Тәшенов саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның төрағасы болып тұрғанда, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров және басқаларға танылған айыпталушылардың күшін жоюға аталысты. Лагерде жүріп өлген азаматтардың әйелдері мен отбасыларының үйлерін қайтарып алуына көмектесті. Жұмабек Тәшеновтің атқарған қызметіне атақты Бауыржан Момышұлы мен Кеңес одағының батыры, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов жоғары баға берген.

Статистикаға тоқталсақ, КСРО халықтарын, оның ішінде қазақтарға ұжымдастыру кесірінен келген жұтты саясаттанушы мазақ еткендей болады. Мысалы, ол аштықтан 10 миллион, 20 миллион, 60 миллион адам өлді дегенді қайдан шығарған? Қазақстанда ондай санды ешкім айтқан емес. Ал 30-шы жылдардағы ашаршылық кезінде біздің республикада 3 миллион адамның

қосылған. Сол жылы тамыз айында «Қоныс аударатын адамдарды белгілеу туралы» да қаулы шықты. Онда шаруаларды көшіру жайы қарастырылған. Содан Бүкілодақтық Компартия Орталық комитетінің 1929 жылғы сәуір пленумы менешуші сәтке айналды. Онда ұжымдастырудың сталиндік бағыты қолдау тапты. Соны жүзеге асыру үшін бүкіл одаққа, оның ішінде қазақ жеріне белсенділер мен әскери жасактар жөнелтілді. Мұнда олар өздері сияқты белсенді атқамінерлерді жинап алды. Ұжымдастыруды жүргізу барысын орталық органдар мұқият бақылап, басқарып отырды. Тарихшылар 1929 жылдан 1933 жылға дейін республикамыздың азамат соғысы жағдайында болғанын айтады. Сол кезде қазақ жерінде Кеңес өкіметіне қарсы 400-ден астам көтеріліс

болған. Оған 80 мыңнан астам адам қатысты. Көтерілісшілердің қатарына қазақтармен қатар басқа ұлт өкілдері де қосылған.

Кеңес номенклатурасы наразыларды «қарақшылар», «тап жаулары» деп жариялады. Сөйтіп бейбіт халыққа қарсы әскер күшін қолданды. Оған аэропандарды, Каспий маңы флотилиясының бөлімдерін жөнелтті. Бір ғана жағдайды айтайын. Белгілі тарихшы Жұлдызбек Әбілғожиннің жазуынша, Орынборға шоғырландырылған кавалерия дивизиясының атты әскер бөлімі 250 адамды атып, шауып өлтірген.

Өткен ғасырдың 20-30-шы жылдары қазақ билігінде жергілікті ұлт өкілдері аз болды. Ал өкіметте отырған шамалы қазақтың қолында билік болмады. Олар шешім қабылдай алмайтын. Сол кезде жоғары қызметте отырғандардың бірі – Әбілқайыр Досов Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Нығмет Нұрмақовтармен бірге Мәскеуге барып, біліксіз, ұрда-жық Голощекинді республика басшылығынан ығыстыру үшін барын салғанын жазды. Бірақ олар бүкіл билік Мәскеуде екенін түсінді. Олардың қасіреті де сонда еді. Ақырында бәрі қуғын-сүргіннің құрығына ілігіп, өліп кетті.

Саясаттанушы мына тұрған «Өзбекстан, Қырғызстан немесе Түрікменстанда ондай ашаршылық болмады ғой» дегенде мәселенің байыбына барып отырған жоқ. Иә, аталған республикаларда біздегідей ашаршылық болған жоқ. Өйткені олар Сталин тағайындаған Филипп Голощекин мен оның жақтастары қазақ жерінде жүргізген «кіші октябрь» саясатына ілінбеді. Әрине, ұжымдастыруды ұйымдастырғандардың арасында жергілікті коммунистер де баршылық еді.

Президент мұрағаты мен Қызылорда облыстық мұрағатында Голощекин мен оның қуыршықтары қол қойған көптеген құжаттар жатыр. Онда ұжымдастыруды қалай жүргізу керектігі топтешіп тұрып жазылған.

Біз бұл дүниедегі ең құнды нәрсе адам өмірі екенін түсінуіміз керек. Сондықтан коммунизмді құру туралы идеологиялық ұрандар, жаттанды сөздер мен әдемі ертегілер адамның бар мүлкің тартып алып, өмірін жалмауға негіз болмауы тиіс еді. Ал большевик көсемдерінің доктриналары тура осы әрекетке бағытталды. Олардың тағы бір бағыты – халықты «алдыңғы қатарлы» және «артта қалғандар» деп бөлу. Сол «алдыңғы қатарлы» адамдар «артта қалғандарды» жарқын болашаққа жетелеуі қажет деп білді. Ал бұл қағидалармен жүргізілмегендерді «ымырашыл», «ұлтшыл» деп атауға бұйырды. Әлгі сұхбаттасушы екеу дәл сол өткен заман қағидалары шеңберінде әңгіме соғып отыр. Одан қала берді, күллі қазақ халқы «жалқау, рушыл» деп кінәлауға тырысады. Бұл шындыққа мүлде жанаспайды. Тұтас халықты бұлай жағымсыз етіп көрсету сенсофобия деп аталады. Әрі-беріден сон, қазаққа міл тағатындай Абай да, Махамбет те емес қой. Біз оларға өтіріктің соғып, өз жұртын шағастырмасын дейміз.

Белсенділер мен апологеттер коммунистік партияны қалай ақтаса да, Қазақстанда болған аштыққа саяси және моральдық баға беретін кез жетті.

**Бүркітбай АЯҒАН,**  
ҚР Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы



— Неге менің суретімді сала бересің? — деді ызаланып.  
— Ал сіз неге мектепке арақ ішіп келесіз? — дедім.  
— Ойбай, енді арақ ішпеймін. Саған «4», әлде «5» қояйын ба? — деді ұялып. Сонда өз шамамды білемін ғой:  
— Жок, маған үш те жетеді. «Үш те болса, күш кой» деймін. Сөйтіп ағайдың арағын қойдырдым.

\*\*\*

Мектепте оқып жүргенде математика пәнін аса жақтырмайтынмын. Әкемнің есімі — Рақымберді. Математика пәнінен сабақ беретін ағайымыздың да аты — Рақымберді. Әкем есепке жүйрік болатын. Жазбаша есепті шығара алмай, әкеме жүгінемін. Ұйықтап жатса

да, оятып аламын. Сонда әкем есебін шығарып берді. Ертесінде есебінді көрген мұғалім:  
— Мынаны кім шығарып берді?

— дейді.

— Рақымберді, — деймін. Өзінің есімі де Рақымберді емес пе!  
— Әй, сен қызға дауа жок екен, — деп үш қойып берді.

\*\*\*

Бағыма орай, жоғары оқу орнына бірден түстім. «Лениншіл жас» газетіне (қазіргі «Жас Алаш» газеті) «Консерваторияға жас талапкерлерді қабылдаймыз» деген жарнама жарияланды. Емтиханға да бір күн қалған екен. Бір айдан бері дайындалып жүргендер түсе алмады. Ал мен дайындап барған нөмірлі орындадым. Комиссия мүшелері актерлік шеберлігімізді сынаса керек, сахнада тұрған сәтінде жылататын сөздер айтты. Олардың алдында тоқтамай бір сағат жылап тұрып алдым. Осылайша оқуға түсіп кеттім.

Жазып алған  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

**БАЛА БҒЕЯННЕ**



Балалық шағымның бал күндері Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Қаракестек ауылында өтті. Ата-анам жеті баланы тәрбиелеп өсірген елге үлгілі, қамқор жандар. Кішкентайымнан ерке болдым. Сабақты да қатырып оқыған емеспін. Бірақ менің есте сақтау қабілетім өте жақсы болды. Мұғалім не айтса, соны бірден жаттап алатынмын. Тек баға үшін оқитыным есімде. Бір күні «5» деген бағаны арқаласам, ертесі ол сабақтан «демалатынымын». Мектептегі белсенді оқушының бірі едім. Ұйымдастырушылық қабілетім де бар, сынып



**Жібек ЛЕБАЕВА,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі:

**«Дй, сен қызға дауа жоқ екен!»**

бұрышы, қабырға газеті сынды дүниелерді бір өзім жасайтынмын.

Әкем мен анам отау құрған кезде, шешемнің жасы небары 13-те екен. Сұрапыл соғыстан кейінгі кезең. Әкем ауылда совхоз председатели болып жұмыс істейтін. Ол кезде тәртіп бөлек еді. Әкем сырт көзге адуынды, мысы басым, қатал көрінетін. Әкем келе жатқанда жұмысшылардың барлығы басын бұғып, көрінбеуге тырысатын. Әкем қатал көрінгенімен, балаларына қол көтеріп, қатты ұрысқан адам емес.

\*\*\*

Балалық шақ демекші, химиядан сабақ беретін ағайымызды ұялтқаным әлі есімде. Сызудан өзімнің жездем сабақ берді. Ал химиядан сабақ беретін мұғалім — жездемнің досы. Есімі — Теміртас. Екеуі де мектепке ішіп келеді. Бірақ сол қылықтарын ешкім беттеріне басып айта алмайды. Бір күні үлкен үзілісте Теміртас ағайдың басынын суретін тақтаға салдым. Өзі қасқабас болатын. Суретті үлкен етіп салдым. Содан кейін, бастың ішіне былай деп жаздым: «Химия қиын, ашиды миың. Ашыса миың, мына ұлы Теміртасқа сыйың».

Жазудың астына аты-жөнімді жазып қойдым. Сабақ аяқталғаннан кейін әлгі мұғалім мені ғана алып қалды да:



Жазып алған  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

**ЖАҒАҒЕР**



**Қашқардың құмырасы**



Мемлекеттік орталық музейде Аспан асты елінің «Ғажайып қолтаңба» атты көрмесі ашылды. Оны ұйымдастырған — Алматыдағы Қытайдың бас консулдығы. Көрмеге қытай қолөнершілерінің фарфордан жасалған 60-қа жуық жәдігері қойылған.

Солардың арасында Шоқан Уәлихановқа тиесілі құмыра да бар. Саяхатшы ғалым оны Қашқар сапарынан әкеліпті.

**ЖЫР ШАҒЫН**



**Тұзыр тұла**

Алматыдағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған мектеп-интернатында таланты өрөндер білім алады. Мектептегі «Ділмөр» шешендік өнері үйірмесінің шәкірттері республикалық жыр мүшәйраларында жүдәлі орындардан көрініп жүр. Назарларыңызға аталған үйірме шәкірттерінің жүрегінен шыққан жыр шашуын ұсынып отырмыз.

Қырық бес қара сөзі мұңды ойранда,  
Дәрежесі өлеңнің ұлғайғанда.  
Сүріп келген, айдын көл кешіп келген,  
Жойқын әрі сұрапыл жыр майданда.

Ұрағының елеңмен есінде ерген,  
Шалқасынан шынайы шешім келген.  
Даналығы дарханда дүр қамшыдан,  
Шүкіманға ерекше есім берген.

Адалдықты аттамай белдерді асқан,  
Шырылдатқан шындық пен шерден дастан.  
Қанша жерден байлығы мол болса да,  
Жалаң аяқ ұлт үшін шеңзел басқан.

Ұлжанның де көбіне тамған құтқа,  
Жанарынан жалын от жанғандық па?!  
Алдандық па десе де мал-мүлікке,  
Бой бермеген бәрібір жалғандыққа.

Сусындайтын Әуезов шырын тұрған,  
Көмейінен биікке жыр ұмтылған.  
Өтейін бе демеген жәй өмірден,  
Көкейінде ойы ояу білім тұнған.

Бес асыл іс бір бетке сіңген дер ем,  
Деген жан ғой бәрине жыр дем берем.  
Жағып кеткен шырағы жас ұрпаққа,  
Сөнген де жоқ, әлі де үрленбеген.

Телғарасы танылған бір зеренің,  
Арттыруға сауатты шын жебедің.  
Қара өлеңнің қақпағын қатты қағып,  
Ұлы Абайы атаңнан жыр жебенің.



**Жалғас СЕРІКБОЛУЛЫ,**  
9-сынып оқушысы

Шаша жүрген Оспанға толған нұрын,  
Өз бетініше жұлқынып оған білім.  
Деңгейі барша қазақ ілімінің,  
Қаламаған түп-түлдір болғандығын.

Пайымдамай біреуі қыр-сырменен,  
Жидебайда жалындап тұрсын кемен.  
Өлеңдері өрнек боп салынғасын,  
Тұғыртуы тұңғық тылсым терең.

БАСПАСӨЗ – 2020

**JAS QAZAQ**

**Жазылу индексі 65032**



Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

**Жазылу индексі 65032**

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

**JAS QAZAQ ҒАДЕРЕҢСЫ**



**Бауырсақ пен тақия**

Дина ОДЕСС, суретші:

Жерлесіміз қазір Нью-Йорк қаласында дизайнер болып жұмыс істейді. Сонымен қатар цифрлық иллюстрациямен айналысады. Қазақ мәдениеті мен этнографиясына арналған дүниелері шынайы әрі тартымды. Біз жас өнерпаздың «Qazaq tagamy» (Qazaq food) сериясымен жарияланған бір топ туындысын жариялап отырмыз.



**Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

Байкен ҚӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәрия АЙТБАЙ — Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

**Шығарушы:**

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

**Редакцияның мекенжайы:**

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПМК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2229;

Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.